



ШЕШІМ

26.09.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 435/55-VI

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласы бойынша
Тексеру комиссиясының мүшесі
лауазымына тағайындау туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-1-тармағына, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі уақытша бос лауазымына негізгі қызметкер Әсел Серікқызы Байдәулетованың бала күтіміне байланысты демалысы кезеңіне Қанат Ынтағалиұлы Кенжин тағайындалсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ аппарат басшысы Серік Кәкімтайұлы Амангелдинов жұмыста уақытша болмаған Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Әсел Серікқызы Байдәулетованың міндетін атқарудан босатылсын.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы

К. Таукен

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы

Ж. Нұрпейісов